

# Топ жарып жүрген жас спортшылар

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттері спорт додаларында топ жарып жүр. Осылайша жас өрендер оку ордасының ғана емес, тұгас елдің мақтасынына айналып отыр. Соның бірі – көршілес қырғыз елінде откен «Ат үстіндегі курестен» әлем чемпионы аттанған Мұхаммеджан Жанбатырулы. Қырғыз елінде откен тарысты додада б спортын ел намысын қорғады.**

Ат үстіндегі курестен жастар арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан улттық құрамасы командалық есепте II орынды иемденген еди. Мұхаммеджан Жанбатырулы ат спортына бала кезінен қызыққан. Әрі әкесі де осы салының білікті маманы. – Кішкентайымнан ат спортына қызықтым. Әкем – осы салада еңбек сінірген жаттықтырушу. Кішкентайымда жаттығуларға қатысып, қызыгуышылыым басталған. 13 жасында ең алғаш аударыспақтан облыстық жарысқа 60 келі салмақ дәрежесінде барған болатынмын. Аға-інілі бауырлар жарыста бір-бірімән шыққанда ағасына жол беріп жатады болып, бізде керісінше ағам маган жол беріп, алғашқы жарыста чемпион болып қайтқанмын. Кейін дайындық қүшіне түсті. Алғашқы бапкерім және қазіргі таңда да жеке бапкерім әкем Жанбатыр Бекмусаев, – деді Мұхаммеджан Жанбатырулы.

Мұхаммеджан қазіргі таңда аударыспақтан Қазақстанның 3 дүркін чемпион атанды отыр. Оның ең алғашқы улкен жарысы 2021 жылы Алматы қаласында откен болатын. Сол жарыста 69 келі салмақ дәрежесінде алғаш рет Қазақстан чемпионы атанды. – 2022 жылы Қекшетау қаласында 65 келі салмақ дәрежесінде 2-рет Қазақстан чемпионы атанды. 2023 жылы өзіміздің Шымкент қаласы орталық атшабарда жастар арасында откен жарыста 68 келі салмақ дәрежесінде женіс ке жетіп, осылайша Қазақстанның 3-дүркін женімпазы атанды. 2023 жылы қыркүйек айында, Қырғызстан елінде Ыстық-Көп, Чолпан ата жерінде откен «Ат үстіндегі курестен» әлем чемпионы

атандым. Біздең дайындық жыл он екі ай болады. Женіс оңайшылықпен келмейді болып. – Еуелі Алла, үйдегі ата-ана, бауырларымың қолдаумен, тынысыз еңбектің арқасында жетіп отырмын, – деді Мұхаммеджан Жанбатырулы.

Чемпионның алдағы мақсаты – әлемнің спорт додаларында елдің көк туын желбіретіп, мақтансышына айналғанда беру. Аударыспақ спортының болашағына үлес қосып, жеңімпаз атанды. – Мениң аударыспақ спортындағы мақсатым – «Кешпенділер» ойыны, «Азия» чемпионаты, «Әлем» чемпионаты, Халықаралық дәрежедегі жарыстаarda жеңімпаз болу. Қазақтың көк туын көкте желбіретіп, қазақ елінің атын әлемге таныту. Жаттығуды тоқтатпаймыз, – дейді ол. Күш сынға түсетін спорт түрі – пауэрлифтинг. Бул спортпен әуес жандардың саны ете санаулы. Себебі, үлкен күш пен жаттығуды қажет етеді. Осында спорттың ауыр түрімен айналысадын М.Әуезов атындағы ОҚУ студенті Абдурахман Абдурашидов, пауэрлифтингтен әлем чемпионы.

Бүгінде Әлем чемпионатында өзін мойынданып келе жатқан жеңімпаз. Жастайынан спортқа құштар бала зілтемір көтеріп түрлі жарыста бақ сынап келген. – Осы спорт мектеп көзден қызық болған. Спорт зал мектептің жаһында орналасқан. Кішкентайымда мектептен шығып, сол спорт залға кіріп, қарал тұратынмын. Спортсмендерге қызыға қарайтын едім. Жаттықтырушы аға менен қатысқың келеме деп сұраганда, қуанғаннан дереу келістім, – деді Абдурахман Абдурашидов.

Чемпионның алғашқы бапкері Садықов Каҳраман – КР еңбек сінірген жаттықтырушысы. Жас өрненің осы спортта жүргеніне 8 жыл болған екен. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетін жақсы бағада, абыраймен бітіріп, пауэрлифтинг спортында тәжірибе жинап, жұмыс істегім келеді. Өзім секілді жас чемпиондар қатарын көбейтіп, әлемдік додаларда ел намысын қорғау – мақсатым, – деді Абдурахман Абдурашидов. Жас спортшыларымыз әлемдік спорт тарыстырында Қазақстанның туын біккес көтеріп, М.Әуезов атындағы ОҚУ мақтансышына айналуда. Спорт саласында осындағы женімпаздарымыз көбейе берсе екен деген тілегіміз бар.